Ұлытау облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«Талап ауылының №14 жалпы
білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммуналное государственное учре[ждение]
«Общеобразовательная школа
№14 села Талап» отдела образования
Жезказгана управления образова[ния]
области Ұлытау

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

31.08.2022ж. № 17 [illegible]

**Үйірмелер мен факультативтік сабақтар ашу, жетекшілерін тағайындау туралы**

Мектеп бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыру, [2022-]2023 оқу жылында Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебінде үйірмел[ер мен] факультативтік сабақтар ашу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Үйірме жетекшілері төмендегіше тағайындалсын:**
   1. «Әсем-ай» домбыра ансамблі – Тлемисова Д.А. 3
   2. «Бейнелеу және мүсіндеу» - Қуатов Р.У. 4

2. **Секция жетекшілері төмендегіше тағайындалсын:**
   1. «Футбол» - Наурызбаев Н.Е.
   2. «Теннис» - Наурызбаев Н.Е.
   3. «Шахмат» - Аубакиров М.М.
   4. «Шашки» - Аубакиров М.М.

3. **Факультативтік сабақтар мұғалімдері төмендегіше тағайындалсын:**
   1. «Математика және логика» - Шанкулова Г.К.
   2. «Жаһандық құзыреттілік» - Досимова М.А.
   3. «Жаһандық құзыреттілік» - Тулеубаев К.М.
   4. «Дебат» – Абдыгожин Ж.А.
   5. «Зайырлық және дінтану» - А.Т.Маханбетова
   6. «Музыкаға қадам» - Тлемисова Д.А.

**4.** Үйірмелер мен факультативтік сабақтар жұмысының кестесі құрылсын, кесте[ге сай] өткізілсін.

**5. Факультативтік сабақтар** орындалысын бақылау мектеп директорының о[қу ісі] жөніндегі орынбасары А.Д.Кадырова жүктелсін.

**6. Үйірме, секция** жұмысының орындалысын бақылау мектеп директорының т[әрбие] ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Шанкулова жүктелсін.

**Мектеп директоры** [signature] **К.М.Тулеубаев**

Келісемін
Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Аукенова А.Б. ________
«__» __ 2022 ж

Бекітемін
Ұлытау облысы білім басқармасы
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«Талап ауылының №14 жалпы білім беретін
мектебі»КММ. директоры
________ К.М.Түлеубаев
«__» __ 2022 ж

3 «А» сыныбына арналған
**«ӘСЕМ-АЙ»**
домбыра үйірмесінің бағдарламасы

# Түсінік хат

Бүгінгі заман талабы-еліміздегі болып жатқан саяси экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени өзгерімдерге байланысты жас өспірімдердің тәрбиесіне жаңа тұрғыда карауды талап етіп отыр. Өскелең ұрпаққа тәрбие беруде, бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы-өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды камтитын-музыка өнері.

Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда баланың өмірден өз орнын табуына, өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне көмектесудің қажеттілігі арта түсуде.

Осыған орай баланың эстетикалық рухани байлығын кеңейтіп, рухани сұранысын қанағаттандыратын, әртүрлі шығармашылық іс-әрекеттерде өзін-өзі көрсете білуіне ықпал етуде, бос уақытын тиімді өткізудің ролі ерекше.

Бос уақытында өзінің таңдауы бойынша ішкі жан дүниесі қалап тұрған істермен айналысуы, оның қызығушылығын айқындап, түзу тәрбие алуына және келешекте қоғамдағы орнын табуына әсерін тигізбек.

Олай болса жастарымыздың қазіргі заман талабына сай сұраныстарын қамтамасыз ету үшін белгілі бір мақсатпен жұмыс жасайтын түрлі үйірмелердің болуы ауадай қажет. Ондай ошақтардың оқушыға берері көп. Қазіргі таңда сұранысқа ие сондай үйірмелердің бірі ол – домбыра үйірмесі.

**Домбыра** – халықтың сүйіктісіне айналған екі ішекті шертіп тартатын аспап және ол қазақпен киндіктес ұлыстардың бәріне ортақ. Домбыраның шанағы ағаштан жасалып, ішегі ертеректе қойдың немесе ешкінің ішегінен, қазіргі кезде лескадан жасалады. Көне қала Хорезмге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде екі ішекті музыкалық аспап тартып отырған орындаушының кескін суреті табылған. Бүгінгі домбыраның ата тегіне балайтын көне аспап кошпелі Сақ тайпаларының арасында кең тараған. Қазақстан аумағында формасы мен құрылымына қарай ерекшеленетін батыстық және шығыстық деп бөлінетін негізгі екі түрі бар. Батыстық домбыраның шанағы домалақ көлемді,12-14 пернеден тұратын болып келсе, шығыстық домбыраның шанағы жалпақ, бұрыштылау, үстары қысқа және жуан, бестен тоғызға дейін пернелі болып келеді. Сол сияқты Шығыс Қазақстанда үш ішекті домбыра да кездеседі. Домбыра әмбебап музыкалы аспап, халықтың шыққан домбырашы-күйшілердің мыңға жетер күйлер шығарған. Домбыра халық тұрмысында кең тараған, жыршы-жырауларының, ақын, әнші-композиторлардың, сал-серілердің ажырамас аспабына айналған.

Домбыра үні өзіне тән дыбыстық бояуымен, алуан түрлі желіс-қағыстарымен қатар, өт бай көркем образдық әлемімен де айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымы жән психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысып жатады. Домбыра үйренуде тек күй тарт немесе оны ән әуеніне қосу ғана емес, сондай-ақ домбырада пьеса орындаушылық өнері д кейіннен орын алған. Соған байланысты мұнда оның ойнау ерекшеліктері, өзіндік түрлі әдіс тәсілдері ойға қонымды нақтылы түрде өрнектелген. Осы орайда оқушының домбыра тартуд меңгеруі белгілі бір жүйемен біспшілдікті түрде – алғашқы қағыстар , перне басу , әр түр дыбыс шығару әдіс-тәсілдерін , жеңіл ән, әуендерін үйренуден бастап одан әрі халық күй өнер мен композиторлар күйлерін үйренеді.

«Қолына домбыра ұстаған балаға имандылық пен дарындылықтың жұғуы дарын қатыгездіктен аулақ болады», - деген нақыл сөзде үлкен шындық жатыр. Өйткені домбыр үлкен рухани, адамгершілік мектебі, баға жетпес эстетикалық өмір оқулығы.

Мақсаты: .

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын оқушы бойына дарыта отырып **домбыра** аспабында ойнауды меңгерту.

Міндеті:

- Домбыраның шығу тарихы , мәдениеті мен ерекшелігі жайлы білім беру
- Қазақ халқының ұлы күйшілері мен сал серілердің өнерлерімен таныстыру.,
- Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып,оның жан жүйесін ояту, өнерге деген ынтасын арттыру.
- Оқушыларға домбыра аспабын ойнау шеберлігін кәсіби дұрыс меңгерту.,
- Сахнаға шығу, өзін-өзі ұстау мәдениетін үйрету.
- Халқына деген құрмет және мәдени мұраларын қастерлеуге тәрбиелеу.

**Бағдарламаның іске асыру шарттары:**

- Сабақ жүргізетін оқу кабинетінің болуы.Айнамен жұмыс жасау.
- Қажетті құжаттардың болуы (техника қауіпсіздігі жөнінде айту)
- Кабинеттің жабдықталуын қадағалау
- Балалардың жас ерекшеліктерін қадағалау
- Қажетті техникалық құралдарын пайдалану (үнтаспа, күйтабақ, бейне таспалар)
- Балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында театр, мұражай, кинотеатрларға саяхат жасау

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «Домбыра үйрену» кітабы авторы : Айтқали Жайымов,Сәрсенбай Бүркітов Білəл Ысқақов . Алматы «Өнер » баспасы 1992 жыл.
2. «Домбыра сазы» кітабыавторы:Мергәлиев Т.
3. Дина Нұрпейісованың «Әсемқоңыр» кітабы.
4. КүйлержинағынқұрастырғанҚаршығаАхмедияров пен ҒалымАхмедияров Алматы «Өлкебаспасы» 2002 жыл.
5. «Бабыннанеҙган не қалған» құрастырған: ҚайымҚанат Алматы «Балауса» баспасы 2002 ж
6. «Өн салып,күй тартайық термелетіп,домбыра үйренейік» авторы: Өтеген Спанов Алматы «Әуен» баспасы. 1992 жыл


**Күтілетін нәтиже:**

- Оқушы домбыра аспабында ойнай алады .
- Өз бетінше домбыра аспабында әндер мен балалар шығармаларын ойнап,тере алады
- Эмоциялық сезімі, мәдени құндылықтары артады.
- Оқушы тазалыққа, ұқыптылыққа сонымен қатар бос уақытын тиімді өткізе білуге үйренеді
- мәдениетті,рухани ойлау дәрежесі биік, шығармашыл,қоршаған ортаға икемді тұлға болып қалыптасады.

**«Әсем-ай» үйірмесінің күнтізбелік жоспары.**
**Апталық сағат саны: 1 сағат**
**Жылдық сағат саны: 36 сағат**

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Домбыра және оның түрлері<br>Домбыраның құрылысы мен күтімі<br>Домбыраның құлақ күйі<br>Домбырашының отырысы және екі қолдың қойылымы<br><br>1-ші.2-ші жаттығулар | Домбыра аспабы және оның құрылысы жайлы мағлұмат беру.<br>Домбырашының отырысы. | 2 | |
| 2 | Сол қолдың қойылымы және пернелер<br>Оң қолым ішекті қағады,сол қолым перне табады.<br>Өн «»Сұр қоян<br>Оң қолдың қойылымы және қағыс түрлері.<br>3 ші жаттығу<br>Өн «Мақтама»<br>Өн «Көбелек» | Арнайы жаттығулар арқылы қағыстарды меңгерту<br>Саусақтардың перне бойына дұрыс орналасуы.<br>Шартты белгілер және оның түсіндірмелері. | 5 | |
| 3<br>4 | Қазақтың халық күйі : «Жастар биі»<br><br>Қаз.хал.әні «Еркем-ай»<br>.<br>Күй «Нар атан» | Аңыз-күй «Ақсақ құлан» тыңдау.<br>Күй және оның түрлері жайлы түсінік беру. | 5<br><br>5<br><br>3 | |
| 5 | Орыс.хал.әні «Ах.вы сени»<br><br>Күй «Өрнек» | Шығармалардың мазмұнын түсініп орындауға баулу | 4<br>5 | |
| 6 | Аппликатура.<br>«Құттықтаймын мамал.туған күніңмен!»<br>Күй «Өрнек»-жалғастыру | Өзін-өзі сүйемелдей отырып ән орындауға үйрету | 3 | |
| 7 | Ән «Біз өмірдің гүліміз» | | | |
| 8 | Глинка «Полька» | Шығармалардың мазмұнын түсініп орындау | 3 | |
| 9 | Өткенді қайталау.<br>Концерттік бағдарлама. | Өздігімен үй тапсырмасын орындау. | 1 | |

Келісемін
Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Аукенова А.Б. ________
«__» __ 2022 ж

Бекітемін
Ұлытау облысы білім басқармасы
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«Талап ауылының №14 жалпы білім беретін
мектебі»КММ директоры
__________ К.М.Тулеубаев
«__» __ 2022 ж

4 «А» сыныбына арналған
**«БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ МҮСІНДЕУ»**
үйірмесінің бағдарламасы

## ТҮСІНІК ХАТ

Курсты оқытуда теориялық білім беру «График «Сәулет өнері», «Табиғат көрінісін бейнелеуде», «Ұлтт киімдермен» таныстырудың маңызы зор. Нақты бейнелеуге жаттықтыру ісімен тығыз байланы жүргізіледі. Бейнелеу өнерінде қолданылатын терм сөздерді өз кезегінде түсіндіріп отыру қажет.

Көркем шындықты қабылдау бөлімінде туған өлке өнерін игеруге аса мән беріледі.

**МАҚСАТЫ:** курстық бағдарлама бойынша оқушыларға көркемдік білім беру; олардың өнерге деген қабілетін арттыруда, оларға сауатты сурет салуд меңгерту;

**МІНДЕТТЕРІ:**

- қазақ халқының өнер туындыларым таныстыру;
- оқушылардың ойын, қиялын кеңейт көркемөнерге деген ынта-жігерін арттыру;
- бейнелеудің әдіс- тәсілдерін игеру, үйрету, дағдыландыру;

Бұл бағдарлама ата-ана және оқушының сұранысы бойынша жас ерекшелігін ескере отырып 2- сынып оқушысыны жасалған. Аптасына 1 рет сабақ негізінде жүргізіледі , және жылдық уақыт мөлшері- 34 сағатты құрайды. Бұл бағдарламаны құру барысында оқушылардың өнер туындылпрын түсіне алатын қабілеттерін дамытуда күрделенген тақырыптар алдым. Мектеп бағдарламасынан тысқары, күрделенген,кеңейтілген тақырыптар алынды. Сонымен бірге талғампаздықты,үйреншікті нәрселерден сұлулықты таба білу қабілетіне ие болу,көргенін есте ұстау және қиялдау қабілеті дамып, шығармашылықпен ойлап талдауға,білгенін жинақтауға үйренеді.

Бағдарлама оқушының 2-сыныпта игерген білім жүйесін,практикалық бейнелеу және өнерді қабылдау жұмыстары арқылы жүйелі түрде жалғастыруға, тиянақты бекітуге құрылды.

Ұсынылып отырған бағдарламаның мазмұны,қазірге кезеңде республикалық қазақ мектептерінде оқу-тәрбие жұмыстарына қойылып отырған негізгі мақсат-міндеттермен,талаптарымен ұштастырыла жасалған.Бейнелну өнері жалпы білім беретін мепктепте оқушының әсемдік талғамын,көркемдік іскерлік және іскерлік қабілетін дамыту арқылы,оларға имандылық, ізгілік-эстетикалық, көркемдік тәрбие береді.

Оқушы заттын пропорциясын, ондағы дақтарарақатынасын іздестіре алуы, негұрлым әсерлі бояу шешімдерін таба білуді үйренеді.Әрбір дара тұлға, көркем іс- әрекеттердің түрлеріне бейімдеп қоршаған орта мен табиғаттағы түрлі-түстер мен формаларды танып, қабылдау қабілеттері қалыптасады. Оқушының қоршаған өмір шындығы, заттар пішіні, құрылысы, табиғат дүниесінің құбылыстары, адамдар мен жануарлар өмірінің ерекшеліктері, туған жер сұлулығы туралы түсініктерін қалыптастыруға және олардың бейнелеу өнері саласындағы алғашқы көркемдік таным өрісін, білім шеңберін кеңейте отырып,бейнелеу жұмыстарының әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде игеруін қамтамасыз етуге құрылған.

Бейнелеу өнері сабағында оқушының практикалық білімі мен көркемдікті түсінуін үйлесімді ұштастыра білу, олардың шындық пен өнердегі байқағыштығын,шығармашылық ынтасын, өнерге деген қызығушылығын арттырады.Қоршаған шындық обьектілерін көркем бейнелеу әдістері мен тәсілдерін меңгеру, белсенді шығармашылық жұмыс оқушыларды еңбекке баулиды және табиғат сұлулығын қорғай білуге тәрбиелейді.

**Оқу курсының мақсаттары:**

Мен бұл бағдарламаны құрғандағы мақсатым;- жас суретшінің дұрыс жолмен дамуына алғашқы түрткі жасау, көркем шығармашылықтың түрлі салаларында шеберлікті, жұмыс істеу техникасын бастапқы меңгеру үшін мүмкіндігінше жан-жақты материал бере отырып, оқушының өнерге деген құштарлығын арттыру.

- Өзімізді қоршаған дүниені танып білудің, шығармашылық толғаныста және әсемдікті түсіну қабілетін дамыту.
- Бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын ояту арқылы өзін-өзі дамытатын шығармашыл тұлға қалыптастыру.
- Қылқалам, акварель бояумен айналыса отырып оқушының практикалық дағдыларын меңгертіп қана қоймай, шығармашылық ойларын жүзеге асыру.

- Өнерге деген қызығушылығын арттырып, эстетикалық танымын қалыптастыру, дамыту.

**Міндеттері:**

- Сурет салу барысында оқушылардың байқағыштық әдістерін қалыптасты
- Үйлесімдік шешім табуға баулу, олардың бейіндік ойлау қабілеті мен талғампаздық дағдысын жетілдіру.
- Адамгершіліктің ізгі қасиеттерін сіңіруге көмектесу, өнерге деген қызығу мен сүйіспеншілігін ояту, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру.
- Бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары және мәнерлік «тілінің» екрекшеліктері туралы түсінікті тереңдете дамыту.
- Композициялық тұтастық. Табиғат әлеміндегі және бейнелеу өнеріндегі түстері. Түстер үйлесімі, колорит.
- Табиғат дүниесінің құбылыстарын эстетикалық қабылдау (объектілердің кеңістікте орналасуы, заттар пішіні мен бояу түстері, жыл маусымдарындығы көңіл күй өзгерісі, өсімдіктер, жан-жануарлар дүниес
- Адам өмірі жәнеоған қажетті заттар мен мүліктер (пішінін, атқаратын міндетін, адам өміріндегі орнын байқап талдай білу және бейнелеу).
- Бейнелеу өнеріне тән терминдер мен түсініктерді, атауларды ұғыну

**Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар:**

**Міндетті деңгей:**

- Бірнеше көрнекті өнер шеберлерінің аты-жөнін, олардың атақты
- Бейнелеу өнерінің жанрларының көркемдік бейнелі тілін, көркем образдарының жасалу жолдарын;
- Екі-үш халық өнері орталықтарының атын, орнын және шығаратын өнімдерінің сипатын білу;
- Табиғат сұлулығын көре білу, сонымен бірге өз көргендерін, алған әсерлерін ауызша айта және суреттей, бейнелей білуі;
- Бейнелеу өнері шығармаларының образдық мазмұнын ашуға (ауызша) қажетті түсініктемелер мен терминдерді дұрыс пайдалана білуі және мәнерлі сөз тіркестерін таңдай білуге;

**Мүмкіндік деңгей:**

- Шығармашылық жағынан өз қабілетін көрсете білу;
- Кез-келген тақырыпта ойын қағаз бетіне түсіре білу;
- Баяу түрлерін ұқыпты қолдана білу;
- Екі-үш халық өнері орталықтарының атын, орнын және шығаратын өнімдерінің сипатын білу;

**Курс бойынша оқу материалының тақырыптық бөлінуі**
**( Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат)**

| № | Мазмұны | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Талапкер<br>суретші және шығармашылық | 5 | |
| 2 | Қағаз пластикасы | 5 | |
| 3 | Плакат өнері | 4 | |
| 4 | Шрифт | 4 | |
| 5 | Қабырға газеті | 3 | |
| 6 | Декорациялық –көркем өнері | 4 | |
| 7 | Мүсіндеу өнері | 2 | |
| 8 | Тұзды қамырмен мүсін жасау | 2 | |
| 9 | Шығармашылық жұмыс әзірлеу | 2 | |
| 10 | Шығармашылық жұмысты қорғау | 2 | |
| 11 | Қортындылау | 1 | |

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны.

Талапкер суретші жіне шығармашылық бөлімінде оқушыға болашақ мамандықты таңдауына ықпал ете отырып, ішкі эстетикалық қажетсінуді қанағаттандыру шығармашылық жағынан өз қабілетін көрсете білуге үйретемін. Бұл бөлімде гравирлердің жаңа әдіс-тәсілімен, монотипия, матриц өнерлерімен танысамын.Қағаз пластикасы бөлімінде оқушылардың қағаздан жасалған «мүсіндері» әрине нақты аумақты бере алмайды.Оқушы аумақтық әсерін туғызуға жылтыр қағазды түрліше кесілген,бүгілген немесе ойып кесілген қиындыларын үйлестірумен, түрлі силуэттерді, көлеңкелі театр кейіпкерлерін алдынан, қырынан тағы басқа қилыстырумен кол жеткізеді.Плакатшылардың алдында тұрған міндетті талап:-Әрқашан жаңа,бірегей, ұтымды,көрермендердің көңілін аударатындай болуы керек.

Шрифт бөлімінде оқушы шрифттік композиция жасау жұмысына кірісе отырып ең алдымен бір немесе бірнеше шрифтерді іріктеп алып мәтінге сәйкес табу керек. Бұл жағдайда біріншіден,текстің идеялық бағыты, екіншіден оның нақты мазмұны мен атқаратын қызметі, үшіншіден композициялық элементтер -қағазформаты, сөйлеу жолының көлемі, әріп пен фонның қажетті түр-түсі айқындаушы факторлар болып табылады.

Қабырға газеті бөлімінде көркемдеуші, суретші, шрифтердің графикаларын еркін игеріп пропорцияны тепетеңдікті түстер үйлесімін және басқа көркем бейнелей құралдарын жақсы сезіне білуге үйренеді. Үйірме мүшелері қоғамдық немесе

**Келісемін**
Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Шанкулова Г.К. ________
«__»________2022/23 жыл

**Бекітемін**
Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің «Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры
Тулеубаев К.М. ________
«__»________2022/23 жыл

10-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН
**«ШАХМАТ»**
ҮЙІРМЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жезқазған – 2022 о.ж.

*Түсінік хат*

*Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.*
*Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сағаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет.*

***Бағдарлама:***

*Авторлық бағдарлама мемлекеттік стандартқа сүйене отырып жазылды. Осы бағдарлама сабақтан тыс білім беру жүйесінде шахматты үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады.*

***Мақсаты:***

*Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.*

***Міндеттері:***

*Оқушылардың логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту.*

***Күтілетін нәтиже:***

*Жаттығу ойындарында, мектепішілік, аудандық шахмат сайыстарына қатысуында.*

***Аңдау хат:***

*Бағдарламаның өзектілігі мектептегі оқушыларға педагогика жағынан тәрбиелік мәні зор екендігі атап көрсетілді.*

***Бағдарламаның негізгі мақсаты:***

*Шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.*

***Міндеттері:***

*1. Шахматтың шығу тарихымен таныстыру, ойын ережелерін үйрету, оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру..*
*2. Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;*
*3. Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру, өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу, еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге*

***Бағдарламаның нәтижесі мен қорытындысы:***

*1. Әр жеке тұлға өзіндік ерекшеліктерін көрсете біледі, басқада қырынан ашыла біледі. Әрі төзімдік, шыдамдылық сол сияқты рухани адами қасиеттерін дамыта түседі.*
*2. Жарыс кезінде ешқандай тәртіп бұзылмайды. Оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.*

# ТАҚЫРЫПТЫҚ КҮНТІЗБЕ ЖОСПАРЫ

*Үйірменің түрі: Шахмат*
*Сынып: 6/7/11*
*Пәні: Дене шынықтыру*

| № | Сабақ тақырыбы | Сағат саны | Күні Айы | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| | **I тоқсан** | | | |
| 1 | Шахмат- спорт, ғылым, өнер ,шығу тарихы, жалпы ережелері | 1 | | |
| 2 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 3 | Шахмат ойнау ережелері, шахмат күресінің ерекшеліктері. | 1 | | |
| 4 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 5 | Шахмат партиясы.дебют, миттельшпиль,эндшпиль. | 1 | | |
| 6 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 7 | Шахмат фигуралары,жүрістері. | 1 | | |
| 8 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 9 | Пешкамен жүріс, ойнау ережесі. | 1 | | |
| | **II тоқсан** | | | |
| 10 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 11 | Патшамен (Король) жүріс. ойнау ережесі. | 1 | | |
| 12 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 13 | Уәзірмен (Ферзь)жүріс, ойнау ережесі. | 1 | | |
| 14 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 15 | Пілмен (Слон) жүріс. ойнау ережесі. | 1 | | |
| 16 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| | **III тоқсан** | | | |
| 17 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 18 | Атпен (Конь) жүріс, ойнау ережесі. | 1 | | |
| 19 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 20 | Турамен (Ладья)жүріс, ойнау ережесі. | 1 | | |
| 21 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 22 | Шахмат тақтасында фигуралардың қызметі. | 1 | | |
| 23 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 24 | Фигуралармен ойнау. | 1 | | |
| 25 | Шахмат тактикасы. | 1 | | |
| 26 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| | **IV тоқсан** | | | |
| 27 | Шахмат стратегиясы. | 1 | | |
| 28 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 29 | Шахмат композициясы.. | 1 | | |
| 30 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 31 | Шахмат миниатюрасы. | 1 | | |
| 32 | Жеке оқытулар. | 1 | | |
| 33 | Мат қоюдың қарапайым схемасы. | 1 | | |
| 34 | Қорытынды сағат. | 1 | | |

Мұғалімнің аты-жөні: М.М.Аубакиров

**Келісемін**
Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Шапкулова Г.К. ________
«29» 08 2022/23 жыл

**Бекітемін**
Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің «Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры
Түлеубаев К.М. ________
«29» 08 2022/23 жыл

2-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН
**«ШАШКИ»**
ҮЙІРМЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жезқазған – 2022 о.ж.

## Түсінік хат

Ұсынылатын әдістемелік құралды әзірлеу және енгізу қажеттілігі арнайы мұқтаждықтарымен қажеттіліктері бар балалар көру мүшесі бұзылған балалар құрайтынына негізделген.
Көру патологиясы және ол түрткі болған ауыткулардың сан алуандығы әр балаға арналған білім беру қызметі үшін жағдай жасауды, жеке – оның қажеттіліктері мен резервтімүмкіндіктері, білім беру мазмұнының мектепке дейінгі балалар категориясы дамуының психикалық физикалық ерекшеліктеріне бағытталу себебімен жеке дара көзқарасты қажет етеді.
Көру мүшесі бұзылған балаларда объектілер арасында логикалық байланыстарды орнату қиындықтары анықталады. Нашар көретін балаларда ойлау іс⁻әрекетінің көрнекі⁻бейнелі және көрнекі әрекет ету деңгейінің жеткіліксіз дамуы тән, ол нақты⁻түсінік ойлау дамуының ерекшелігімен анықталады.

Дамыту ойындары баланың танымдық қызығушылықтарын кеңейтуге,
тәжірибешілік дағдыларға ие болуға, барлық сақталған анализаторларды белсендіруге мүмкіндік береді. Дамыту ойындарының бір түрі көру қабілетін дамытуға, көп сенсорлық өзара байланыстардың құрылуына, балалардың ойлау, адамгершілік тәрбиесінің қалыптасуына септігін тигізетін ⁻ дойбы ойыны. Дойбы балалардың бұзылған көру қызметін түзету құралы болып табылады: ойын барысында жалпы қызмет ету белсенділігі мен
ажырату сезімталдық көру жүйесі артады, бинокулярлық фиксация құрылып, көру⁻қозғалу қызметі жаттығады.

**Дойбы** – бұл бір мезгілде демалыс әрі спорт, әрі өнер. Біздің елімізде дойбы ойына үлкен атаққа ие, ережелері қарапайым және жалпыға қолжетімді. Массовость бойынша дойбы ойыны басқа спорт түрлері ішінен сегізінші орын алады. Бұл данышпан халық ойыны біздің тұрмысқа нық енді. Оның жасы 5 мың жастан кем емес. Интеллектуальдық спорт ретінде дойбы жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігі ретінде танылды. Швейцар психологы Жан Пиаже және бірқатар басқа ғалымдар балалардың дәл 3⁻12 жасында «ой⁻сөз», «ой⁻әрекет» механизмінің құрылатынын анықтаған. Осыған байланысты дойбы балалардың ойлау қабілеттерінің дамуында және көру мүшесі нашар балаларда ойлау қабілетін әрекет етумен бекітуде маңызы зор. Көру мүшесі нашар балалармен жасалған жұмыс тәжірибесі дойбы ойынының балалардың қызығушылықтарын еңнейтіп, көру қызметін, сонымен қатар мінез⁻құлықтың жақсы қасиеттерін бекітеді және дамытатынына дәлел.

**Дойбы** ойына балаларда тәртіптілік, ұқыптықы, мұқияттылық және логикалық ойлауға
тәрбиелеуге көмектеседі. Бала⁻бақшадағы көру мүшесі нашар тәрбиеленушілердің ата⁻аналары балалардың дойбы ойынын ойнауда қызығушылықтарын танытады. Дойбы ойыны барысында балалар және үлкен адамдар қоршаған ортамен танысып, бала эмоциялары мен басқа да бірқатар руханиқасиеттерін (өзін⁻өзін ұстай білу, ойынның қалыптасқан жағдаят кезінде керек жүрістіталқылау) керек бағытта жаттықтырады. Ойын балаға шынайы өмірде де біз сақтауға мәжбүр ережелердің барын көрсетеді. Ойын барысында балалар ұжымы бірігіп, отбасы мүшелері эмоционалдық жақындасатыны аса маңызды. Осында біз ынтымақтастық туралы айтуға болады: бала⁻құрдас⁻ата-ана⁻педагог.
Бірақ ата⁻аналар балаларға ойын үшін үнемі көңіл бөле алмайды. Мектепке дейінгі
жастағы балаларға дойбы ойынын оқыту әдебиеттері жеткіліксіз. Әрине, оқытушылар жәнеата⁻аналар балаларға дойбы ойынын үйретеді, бірақ барлығы бір қателік жібереді: біріншісабақтардан барлық дойбыларды орналастырып, жүрістерді көрсетеді. Нәтижесіндебалалар ойынның негізгі ережелерін игереді: дойбылар мен билердің жүрістерін, бір немесебірнеше дойбының соғуын, бірақ өз әрекеттерін бірнеше жүріс алға қарай ойластыраалмайды, дойбы тақтасында бағдарларын түзу ұстай алмайды, диаграммаларды, партияларкомбинацияларын оқи алмайды. Қала және облыстың білім беру мекемелерінде дойбыойыны бір реттік сипатта (топтағы жарыстар, бала-бақшаларда турнирлер). Сондықтандойбы өнерінің негіздері бойынша бірізді және жоспарлы жұмыс үшін көру мүшесібұзылған балалар үшін оқыту сабақтар циклін іске асыратын қосымша білім бағдарламасы қажет.

**Мақсаты:**
Дойбы ойынын үйрету барысында көру мүшесі бұзылған
тәрбиеленушілер жеке тұлғасының интеллектуалдық және ерік¬жігер әлеуетін ашу.

**Міндеті**
Білім беру:
дойбы ойынының техникасын оқыту;
балаларға дойбы ойыны теориясымен таныстыру;
Жазықтықта бағдар алу дағдысын оқыту.
Дамыту:көру қабілетін, көру қызметінің белсенді жаттығу кезінде көру¬кеңістік бағдарын дамыту;

**Бағдарламаның мәні:**
«Сиқырлы дойбы» бағдарламасы балаларға дойбы ойынын үйрету
әдістемесін педагогикалық тәжірибе үрдісінде әзіленген мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын мотивациясы негізінде қолдануды меңзейді. Бұл құралдың айрықша ерекшелігі «нөлден» бастайтын көру мүшесі бұзылған мектепке дейінгі жастағы балаларды дайындауға назарын аудару, дойбы ойынының негіздерін үйретуге бағдарлау болып табылады. Сонымен мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы мәдениетінің құрылуына және дойбы ойынына интеллектуалдық демалыс ретінде қызығушылықтарын дамытуға, көру қабілетінің, әлеуметтік сәттілікті, оқу әрекеті алғышарттарының құрылуын, мектепке дейінгі жастағы балалардың бала¬бақша түлектеріне қойылға мемлекеттік талаптарына сәйкес денсаулықтарының сақталуын
қамтамасыз ететін интегративтік қасиеттерінің дамуына бағытталады. Бағдарламаның тақырыптық жоспарының мазмұндық байланысы педагогқа тәрбие¬білім беру міндеттерін (жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру, заманауи
әлемде табысты әлеуеттану үшін танымдық қабілеттерін дамыту) шешу кезінде білім беру мазмұнын құруға септігін тигізеді, бұл баланың жеке тұлғасының танымдық, эмоционалдық және тәжірибешілік саласын бірыңғай дамытуға мүмкіндік береді.
Қосымшаға дойбы ойнау дағдысын құру диагностика кестесі, ата¬аналар сауалнамасы, сабақтардың болжалды тақырыптары (ұсынылатын), балаларға дойбы ойынын оқыту, тәжірибешілік бөліммен бекітілетін материалдар блогы кіреді. Тәжірибешілік сабақтар – дидактикалық ойындар балалардың көру мүшесінің, логикалық ойлау қабілетінің, жадының, сөйлеу мәнерінің, мұқияттылығының, талдау, жалпылау және шешім шығару дағдысының дамуына септігін тигізеді. Сабақтар мен ойын¬
сауықтардың болжалды сценарийлері кез келген тақырыпқа жазылған жеке сценарийлер әзірлеу үшін қажет болуы мүмкін.

## Тақырыптық күнтізбелік жоспары.

Секцияның түрі : Дойбы

Пәні: Денешынықтыру

| | Өтілетін сабактың тақырыбы | Сағат саны | Өтілетін мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ойын ережелері ойын тарихы | 1 сағ | |
| 2 | Ойын ережелері ойын тарихы | 1 сағ | |
| 3 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 4 | Ойын жүрісінің әдіс тәсілдерін үйрету | 1 сағ | |
| 5 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 6 | Ойын барысында корғана білуді үрету | 1 сағ | |
| 7 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 8 | Ойын кезінде бір жүріспен шек коюды үйрену | 1 сағ | |
| 9 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 10 | Ойын кезінде екі жүріспен шек коюды үйрену | 1 сағ | |
| 11 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 12 | Он жак сол жак корғаныс қоя білу | 1 сағ | |
| 13 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 14 | Шабуыл жасау тактикасын үйрену | 1 сағ | |
| 15 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 16 | Есептеу жолдары | 1 сағ | |
| 17 | Екі жақты ойын | 1 сағ | |
| 18 | Алға шығу дамкаға шығу | 1 сағ | |
| 19 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 20 | Дамкаға шығу калай іске асуын жат үйрену | 1 сағ | |
| 21 | Дамкаға шығу калай іске асуын жат үйрену | 1 сағ | |
| 22 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 23 | Жүріс кезінде екі тас жеуді үйрену | 1 сағ | |
| 24 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 25 | Жүріс кезінде үш тас жеуді үйрену | 1 сағ | |
| 26 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 27 | Екі жакты ойын жарысын өткізу | 1 сағ | |
| 28 | Қайталау жаттығуларын өткізу | 1 сағ | |
| 29 | Екі жақты ойын | 1 сағ | |
| 30 | Жүрістерді қайталау жаттығу | 1 сағ | |
| 31 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 32 | Жылдамдыкка уакытка ойнау | 1 сағ | |
| 33 | Екі жакты ойын | 1 сағ | |
| 34 | Топка команда бойынша жарысу | 1сағ | |

Секция жетекшісі: Аубакиров М.М.

**Келісемін**
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_________ Шанкулова Г. С.
«__» ___ 2022 жыл

**Бекітемін**
Ұлытау облысы білім басқар-
масының Жезқазған қаласы
білім бөлімінің Талап
ауылының №14 жалпы білім
беретін мектебінің директоры
_________ Түлеубаев К.М.
«__» ___ 2022 жыл

7- сыныпқа арналған

«ФУТБОЛ»

Үйірмесінің бағдарламасы

Жезқазған

2022-2023 оқу жылы

Футбол үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

**Мақсаты :**
өз денсаулығына ықтиярлықпен қарау, оны нығайту мен ұзақ мерзім сақтай білу қажеттілігін тәрбиелеу,физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын,салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылықпен қолдану.

**Оқыту міндеттері:**

- ✓ денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;
- ✓ базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық іс-қимыл әдістерін жетілдіру;
- ✓ денсаулығын ұзақ мерзім сақтау және нығайту қажеттілігіне, өз денсаулығына ықтиярлықпен қарауға тәрбиелеу;
- ✓ дене шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерін шыңдау;
- ✓ тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық іс-қимыл мен ынтымақтастық межелерін сақтау.

Пән бойынша оқу жүктемесі: жылына 36 сағат, аптасына 1 сағат.

| № Өтілетін сабақтың тақырыбы. | Сағат саны. Өтілетін мерзімі | |
|---|---|---|
| 1 Қ.Р футболдың дамуы | 1 | |
| 2 Футболдың шығу тарихы | 1 | |
| 3 Футбол ойынына қойылатын гигиеналық талаптар | 1 | |
| 4 Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау | 1 | |
| 5 Ойынның негізгі ережелері | 1 | |
| 6 Ойыншының тұрысы | 1 | |
| 7 Алаңда бір-біріне пас беріп ойнау | 1 | |
| 8 Алаңда кедергілер арасымен допты алып жүру | 1 | |
| 9 Ауыттан допты тастап үйрену | 1 | |
| 10 Айып добын тебуді үйрену | 1 | |
| 11 Доппен алдап өту тәсілдері | 1 | |
| 12 Допты тоқтату тәсілдері | 1 | |
| 13 Аяқ ұшымен тебу | 1 | |
| 14 Өкшемен тебу | 1 | |
| 15 Допты баспен ұру түрлері | 1 | |
| 16 Шекемен ұру | 1 | |
| 17 Секіріп шекемен ұру | 1 | |
| 18 Баспен ұру | 1 | |
| 19 Допты қақпаға дұрыс бағыттау | 1 | |
| 20 Допты тартып алу тәсілдері | 1 | |
| 21 Допты тоқтату тәсілдері | 1 | |
| 22 Допты алып жүру тәсілдері | 1 | |
| 23 Қақпашының ойыны | 1 | |
| 24 Допты қағып алу | 1 | |
| 25 Допты ұрып жіберу | 1 | |
| 26 Допты бағаннан асырып жіберу | 1 | |
| 27 Қорғаушылардың міндеті | 1 | |
| 28 Қорғаушының жеке әрекеті | 1 | |
| 29 Шабулшының міндеті | 1 | |
| 30 Топ – топ болып шабуылға шығу | 1 | |
| 31 Командалық әрекет | 1 | |
| 32 Жеке әрекет | 1 | |
| 33 Айып добын дұрыс орындау | 1 | |
| 34 Қақпашының допты ойынға қосуы | 1 | |
| 35 Ойын стратегиясын құрудағы дағдыны дамыту. Екі жақты ойын | 1 | |
| 36 Ойын стратегиясын құрудағы дағдыны дамыту. Екі жақты ойын | 1 | |

Согласовано
Заместитель директора
по воспитательной части
___________ Шанкулова Г. С.
«___»_________ 2022 г

Утверждаю
Директор КГУ ОШ №14 с.Талап
отдел образования г.Жезказган
управление образования области
Ұлытау _________ Тулеубаева К.М
«___»_________ 2022 г

**План работы спортивной секций**
(Настольный теннис)
Класс: 6б,7б,8б.

Жезказган
2022-2023 учебный год

## Цели и задачи секций настольный теннис

Программа по настольному теннису предназначена для спортивных секций общеобразовательных учреждений. Данная программа является программой дополнительного образования, предназначенной для внеурочной формы дополнительных занятий по физическому воспитанию общеобразовательных учреждений.

В процессе изучения у учащихся формируется потребность в систематических занятиях физическими упражнениями. Учащиеся приобщаются к здоровому образу жизни, приобретают привычку заниматься физическим трудом, умственная нагрузка компенсируется у них физической. Занятия настольным теннисом дисциплинируют, воспитывают чувство коллективизма, волю, целеустремленность, способствуют поддержке при изучении общеобразовательных предметов, так как укрепляют здоровье. Благодаря спортивной направленности программы, учащиеся, успешно освоившие программу, смогут участвовать в школьных ,районных и окружных соревнованиях по настольному теннису. Благодаря этому учащиеся смогут более плодотворно учиться, меньше болеть.

**Цели и задачи**

Игра в настольный теннис направлена на всестороннее физическое развитие и способствуют совершенствованию многих необходимых в жизни двигательных и морально-волевых качеств

**Цель программы -** углубленное изучение спортивной игры настольный теннис.

**Основными задачами** программы являются:

- Укрепление здоровья;
- Содействие правильному физическому развитию;
- Приобретение необходимых теоретических знаний;
- Овладение основными приемами техники и тактики;
- Воспитание воли, смелости, настойчивости, дисциплинированности, коллективизма, чувства дружбы.
- Привитие учащимся организаторских навыков;
- Повышение специальной, физической, тактической подготовки учащихся по настольному теннису;
- Подготовка учащихся к районным и окружным соревнованиям;

**Отличительной особенностью данной дополнительной образовательной программы от уже существующих образовательных программ является**:

- развитие у детей координации движений;
- выработка легкости, и непринужденности движений.

**Возраст детей, участвующих в реализации данной дополнительной образовательной программы – 8-16 лет**

Дополнительная образовательная программа по настольному теннису рассчитана на 1 год.

**Содержание программы.**

Материал программы дается в трех разделах:

- основы знаний;
- общая и специальная физическая подготовка
- техника и тактика игры.

| Перечень основных упражнений | Дата проведения урока | |
|---|---|---|
| | | |
| **I Вводное занятие** | | |
| История развития . Правила игры и соревнований по теннису | 2 | |
| Влияние физических упражнений на организм человека. Закаливание и здоровье | 2 | |
| **II Общая физическая подготовка** | 1 | |
| Гимнастические упражнения | 2 | |
| Лёгкоатлетические упражнения | 2 | |
| Подвижные игры | 2 | |
| **III Техническая подготовка** | 1 | |
| Техника передвижения и стоек | 2 | |
| Техника приёма и передач мяча сверху | 2 | |
| Техника приёма мяча снизу | 2 | |
| Нижняя прямая подача | 2 | |
| Нападающие удары | 2 | |
| IV Тактическая подготовка | 1 | |
| Индивидуальные действия | 2 | |
| Групповые действия | 2 | |
| Командные действия | 2 | |
| Тактика защиты | 2 | |
| **V Контрольные испытания и соревнования** | 1 | |
| Итоговое занятие | 2 | |